

А. Баймұратова, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және
криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСІ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қазіргі уақыттағы кәмелетке толмағандардың ісі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу маңызды мәселеге айналып отыр. Мұның бірқатар себептері бар, оларға жасөспірімдердің жеке бас сипаттарының күрделенуі сияқты әлеуметтік құбылыспен байланысты болып отырған, аталған жас категориясына жататын тұлғалардың қылмысы туралы істер бойынша барлық міндеттерді дұрыс орындау үшін құқық қорғаушы органдар тарапынан көбірек күш салу қажеттілігін де жатқызу қажет.

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ірі көлемді және жылдам процестерді жүріп жатқан қазіргі уақытта әсіресе, дүниетанымы әлі толық қалыптаспаған, құндылықтар жүйесі тұрақсыз жастар үшін қиын болып отыр. Жасөспірімнің адамгершілік пен құқық туралы түсінігі оның жас ерекшелігіне байланысты вербалдық деңгейде ол жете түсінуге, оның мінез құлқының автоматты реттегішіне айналуға жеткен жоқ. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге, жастарға деген көзқарас әсіресе құқық бұзушылықтың алдын алу, оны туғызатын себептері мен шарттарын жою тұрғысында өте күшейтілуі тиіс. Өйткені, қылмыс дегеніміз әлеуметтік дерт, ал жасөспірімдердің қылмыстылығы өте үлкен дерт, жасөспірімдер қылмыс жасап отырған кезде мұндай құбылысқа төзуге болмайды.

Осы бесжылдықта кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстың азаюына қарамастан, олардың сотталғандығы өсу үстінде екені анықталды, агрессивті бағыттағы ресми емес жастар ұйымдарының саны көбеюде, пайдакүнемдік есебі басым жастар санасының басқа да теріс түрлері пайда болды.

Жасөспірімдер қылмысымен күрес біздің қоғамдағы қылмыспен күрес міндеттерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қылмыстың алдын алу, оған жол бермеу, ескерту жөніндегі шаралардың одан әрі күшейтілуімен қатар, бұл міндеттің орындалуы әрбір жасалған қылмыс үшін әділ жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз етуді де қамтиды.

Әрине жасөспірімдер қылмыстылығын жеңуге сот және тергеу органдарының қызметі ғана емес, сонымен қатар ең бастысы ұйымдастыру, алдын алу, тәрбиелеу және т.б шараларын жүргізу арқылы жетуге болады.

Алайда, осы шаралар кешенінде сот шаралары ерекше орын алады және оларды дұрыс қолдану нақты оң нәтиже береді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істерді тергеу және сот талқылауы кезіндегі біріншісі және негізгісі процесті кәмелетке толмаған құқық бұзушының өзіне тәрбиелік әсер етуге, оны адал еңбекпен өмір сүруге оралтуға көмектесетіндей етіп жүргізу және істі солай шешу.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандар қылмысы туралы істер бойынша сот процестері өзге де табансыз, аумалы мінезді жасөспірімдерге нақты ескерту ретінде ықпал етуі, жұртшылықтың назары мен күш жігерін жасөспірімдер қылмыстылығымен күресте жұмылдыруы, оларды қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды жоюға әрекет етуі тиіс. Бұл тұрғыда қылмыстық істерді тергеумен сот талқылауы сапасын одан әрі көтеруге өте маңызды. Бұл саладағы бірінші кезектегі мәселелер қатарына жасы 18-ге толмаған кәмелеттік жас тұлғалар мемлекеттің ерекше қамқорлығын иеленуіне байланысты заңнамалық регламентацияның елеулі ерекшеліктерін қамтитын кәмелетке толмағандардың ісін жүргізу мәселелері сөзсіз жатады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстарымен оларды қылмыстық және қоғамға жат әрекеттерге тарту туралы істер жөніндегі сот практикасы сотталушылардың қатарында тұрмысы қолайсыз отбасыларында тәрбие көріп жүрген жасөспірімдер үлкен орын алып отыр. Әдеттегідей бұл толық емес отбасы немесе ата-аналары маскүнемдікке салынған, заңға сыйламаушылық білдіретін, отбасы мүшелерінің бір-бірімен жақсы қарым-қатынастары жоқ, дөрекі сөйлесу, үлкендері кішілеріне қатыгездікпен қарау осының барлығы жасөспірімнің қатаймаған психикасына теріс әсер беріп, уайымға бөлейді. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы және міндеті деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында белгіленген. Ал жанұядағы ауыр психологиялық жағдай жасөспірімді көшеге қаратып, қылмыс жасау жолына итермелейді. Басқа жанұялар, ата-аналары бар уақыт пен күштерін өздерінің карьераларына жұмсап, балалары ештеңеден тапшылық көрмей, ішіп жеп өссе, сол оған жеткілікті деп ойлайтындар да жеткілікті. Баланың бос уақыты қалай өткізіледі, қандай мүдделері бар, кіммен достасып жүргеніне бақылау жасауға қолдары тимей, баласына көшеден үлкен аға тәтелер қамқоршы болғандарын байқамай қалады. Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың арасында, пайдакүнемдік және пайдакүнемдік күш көрсету ауыр қылмыстарының үлесі зор. Сондай-ақ оған кейбір жағдайларда тағылық, шектен тыс қатыгездік белгілері де тән.

Сондықтан заңнамамен кәмелетке толмағандарға ерекше жаза түрлері жаза тағайындау шарттары, мерзімдерді есептеу, соттылықты жою қарастырылған.

Өмірден өз орнын таба алмаушылық та адамды қылмыстық әрекеттерге баруға итермелейді.

Қылмыстың артуының негізгі себептері шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, идеологиялық және тәрбие жұмыстарының жүргізілмеуі.

Жастарды тәрбиелеу, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке дайындау әр азаматтың, барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдарының міндеті. Құқықтық реформаны жүргізу - еңбек, саяси, адамгершілік тәрбиесін айқындайды. Жасөспірімдермен жасаған қылмыс - жас ұрпақтың тәрбиесіндегі кемшіліктердің белгісі.

Адамгершілік тәрбиесі қоғамда болсын, жеке ұйымда немесе жанұядағы қарым-қатынасқа, тәрбие жұмысының ұтымды түрлері мен әдістерін таңдауына, тәрбие үрдісінің бірзділігімен бір тұтастығына, тәрбиені мемлекет және қоғам өмірімен байланыстыруына байланысты.

Бүгінгі жасөспірім — біздің мемлекетіміздің болашағы, мемлекет пен қоғамды басқару солардың қолында, сондықтан бала, жасөспірім, жастар тәрбиесі болашаққа жасаған инвестиция деп санап, барлық білім, күш, қаражат соларға жұмсалу қажет деп санаймыз.